

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 51 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 1156 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 мамырдағы № 478 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.03 № 478 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Төтенше жағдайдың кең ауқымда және аймақтық ауқымда таралуы кезінде төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттіктері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 51 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 2, 19-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "төтенше жағдайдың кең ауқымда және аймақтық ауқымда таралуы кезінде" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Төтенше жағдайдың кең ауқымда және аймақтық ауқымда таралуы кезінде төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттіктері туралы ережеде:

тақырыбындағы, кіріспедегі, 1, 2 және 3-тармақтардағы "Төтенше жағдайдың кең ауқымда және аймақтық ауқымда таралуы кезінде" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

1 - т а р м а қ т а :

төртінші абзацтағы "кең ауқымда және аймақтық ауқымда" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

оныншы абзац "Қазақстан Республикасының Үкіметіне" деген сөздердің алдынан "төтенше жағдайдың кең ауқымда және аймақтық ауқымда таралуы кезінде" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап үшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі